

Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 желтоқсан N 1406 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 8 қарашадағы № 680 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.11.2016 № 680 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына сәйкес және "Қазақстан Халық Банкі" ашық акционерлік қоғамында қолданыстағы шоттарда сақталып жатқан бұрынғы КСРО Қазақ республикалық жинақ банкіндегі Қазақстан Республикасы азаматтары салымдарының қалдықтарын өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтары салымдарының қалдықтарын өтеу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабардар етуді қамтамасыз етсін. <*>

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.20. N 442 қаулысымен .

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 28 желтоқсандағы

N 1406 қаулысымен

бекітілген

Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесі

Осы Ереже "Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигациялары" (МАӨҚО) мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын (бұдан әрі -

облигациялар) шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) депозитарий - "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы;

2) эмитент - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

3) қаржы агенті - облигацияларды орналастыруды, қызмет көрсетуді және оларды өтеуді қамтамасыз ететін "Қазақстан Халық Банкі" ашық акционерлік қоғамы;

4) салымдарды қайта ресімдеу - Қазақстан Республикасы азаматтарының 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салымдарының қалдықтарын рубльдік баламадан 1992 жылдың 3 қаңтарына 1 АҚШ доллары үшін 150 рубль биржалық бағам бойынша долларға, ал содан кейін облигацияларды шығару күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгелік баламамен облигацияларға қайта есептеу;

5) тізілім - Қазақстан Республикасы азаматтарының 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдықтарын көрсете отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының өтеуге жататын салымдары орналасқан шоттардың бірыңғай тізбесі.

2. Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу

2. Облигацияларды 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бұрынғы КСРО Қазақстан республикалық жинақ банкінде қаржы агентінің қолданыстағы шоттарында сақталып жатқан Қазақстан Республикасы азаматтарының салымдарын өтеу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарады.

3. Облигациялар құжатсыз нысанда айналыс мерзімі бір, екі және үш жыл шығарылады. < * >

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1292 қаулысымен .

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.20. N 442 қаулысымен .

4. Облигациялар купондық болып табылады. Облигациялардың әрбір шығарылымы бойынша сыйақы ставкасы тіркелген және облигацияларды шығару күнінің алдындағы соңғы аукционда қалыптасқан тиісті айналыс

мерзімімен қысқа мерзімді және орта мерзімді мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің сыйақы ставкасына тең. <*>

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1292 қаулысымен .

5. Бір облигацияның атаулы құны бір теңгені құрайды.

6. Эмитент шығарылым өлшемдерін бекітеді және облигацияның әрбір шығарылымына осы Ережеге қосымшаға сәйкес Басты сертификат ресімдейді. Басты сертификат екі данада жасалады, олардың біреуі қаржы агентінде, екіншісі эмитентте сақталады. <*>

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1292 қаулысымен .

7. Облигацияларды орналастыру тізілімнің негізінде оның салымшылары арасында 2004 жылдың аяғына дейін қаржы агенті арқылы жазылу жүргізу жолымен мынадай түрде жүргізіледі: <*>

1) бірінші шығарылым: мұраға қалдырылған салымдарды ескере отырып, 1936 жылдан бастап 1940 жылды қоса алғанда туылған азаматтардың салымдарын өтеу сомасына;

2) екінші шығарылым: мұраға қалдырылған салымдарды ескере отырып, 1941 жылдан бастап 1960 жылды қоса алғанда туылған азаматтардың салымдарын өтеу сомасына;

3) үшінші шығарылым: мұраға қалдырылған салымдарды ескере отырып, 1961 жылдан бастап 1991 жылды қоса алғанда туылған азаматтардың салымдарын өтеу сомасына; <*>

4) қосымша шығарылым: мұраға қалдырылған салымдарды ескере отырып, 1936 - 1940 жылдары туылған азаматтардың салымдарын өтеу сомасына. <*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1292 қаулысымен .

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.20. N 442 қаулысымен .

8. Облигацияларды айналысқа қосу олар шығарылған күннен кейінгі күні басталады және облигацияларға сыйақы төлеу әрі өтеу күніне дейінгі үш жұмыс күнінде аяқталады.

9. Қайталама рыноктағы облигациялар айналысы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Облигацияларды өтеуді тиісті шығарылым үшін белгіленген өтеу күні олардың индекстелген атаулы құны бойынша эмитент жүргізеді. <*>

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1292 қаулысымен .

11. Облигациялардың атаулы құны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі есеп айырысу күніне белгілеген АҚШ долларының ресми бағамының облигацияларды айналысқа қосу басталған күніндегідей бағамға ара қатынасына олардың атаулы құнының көбейтіндісі ретінде есептеледі, бірақ оның атаулы құнынан төмен болмайды. < * >

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.12.22. N 1292 қаулысымен .

12. Облигациялар бойынша сыйақы сомасы осы Ереженің 4-тармағында белгіленген облигациялардың атаулы құнының сыйақысын, сыйақы ставкасын төлеу күніне және 100-ге бөлінген облигациялардың айналыс мерзіміне (жылдармен) индекстелген мөлшері ретінде есептеледі.

13. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигацияларды өтеу күні бір уақытта жүргізіледі.

14. Депозитарий сыйақы төлегенге және облигацияларды өтеу күніне дейінгі үш жұмыс күнінде эмитентке облигациялардың саны туралы мәліметті қамтитын облигациялардың сыйақысын өтеуге және төлеуге жиынтық ведомосты береді.

15. Облигацияларға меншік құқығын есепке алу және оның көшуін тіркеу депозитарийде және қаржы агентінде жүзеге асырылады.

16. Облигациялармен жасалатын операциялар бойынша салық салу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес анықталады.

3. Салымдарды қайта ресімдеу

17. Салымдарды қайта ресімдеуді қаржы агенті және салым иесі өзі немесе салымды алуға құқылы адам келген кезде ол уәкілеттік берген басқа орган жүргізеді.

18. Салым иелері эмитент бекітетін нысан бойынша салымды қайта ресімдеуге өтінім (бұдан әрі - өтінім) толтырады, онда салым иесі туралы деректер: жеке басының куәлігі, салық төлеушінің тіркелу нөмірі (СТТН), жинақ кітапшасының деректемелері, 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салымның қалдық сомасы, облигациялардың саны, салымды қайта ресімдеуге келісім қамтылады. Жазбаша өтінім екі данада ресімделеді, олардың біреуі қаржы агентінде, екіншісі салым иесінде сақталады.

19. Салым иесі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасының талаптарына сәйкес берілген сенімхаттың негізінде өз атынан өтінімді толтыруға, сондай-ақ іс-әрекет жасауға үшінші тұлғаға уәкілеттік беруге құқығы бар.

20. Салым иелері облигацияларды өтеу және сыйақы төлеу күніне дейінгі бір күнтізбелік аптаны қоспағанда, 2004 жылдың аяғына дейін белгіленген нысанда

толтырылған жазбаша өтінімдерді қаржы агентіне береді. <*>

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.20. N 442 қаулысымен .

21. Салым иелері қаржы агенті облигацияларға жазылуды жүргізгеннен кейін жазбаша өтінімдерді берген жағдайда, салымдарды қайта ресімдеу туралы мәселені қаржы агенті эмитенттің келісімі бойынша шешеді.

22. Қаржы агенті осы Ереженің 3-тармағына сәйкес анықталатын айналыс мерзімімен бағалы қағаздарды есепке алу бойынша облигацияларды шығару және салым иелерінің атына жеке шот ашу күні беру жолымен салымдарды облигацияларға қайта ресімдеуді жүзеге асырады. Депозитарий қаржы агентінің "депо" шотындағы шоғырландырылған қосалқы шотындағы салымдарды қайта ресімдеу кезінде салымшы берген бағалы қағаздарды есепке алуды жүзеге асырады.

23. Өтемақы сомасын есептеуді қаржы агенті тізілімнің негізінде жүргізеді.

24. Салымды қайта ресімдеген, облигациялар бойынша сыйақы өтеген және төлеген жағдайда құнын индекстеген кезде қалыптасқан тиындар мынадай: тиыны 0-ден 49-ға дейін бар сома есептелген жағдайда азаю жағына қарай, тиыны 50-ден 99-ға дейін бар сома есептелген жағдайда арту жағына қарай дөңгелектеу әдісіне ұшырайды.

25. Облигациялардың иелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларға тиесілі облигацияларға қатысты кез келген азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға құқылы.

26. Эмитент пен қаржы агентінің арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына, осы Ережеге және Агенттік келісімге сәйкес реттеледі.

Қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығарудың БАСТЫ СЕРТИФИКАТЫ

Осы Басты сертификат мұраға қалдырылған салымдарды ескере отырып, жылдан бастап жылды қоса алғанда, туылған азаматтар үшін айналыс мерзімімен мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын (бұдан әрі - облигациялар) шығаруға ресімделді.

Облигациялар Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы азаматтарының "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ-дағы салымдарына өтем жасау туралы" Жарлығына сәйкес 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданыста болған бұрынғы КСРО Қазақ республикалық жинақ

банкіндегі салымдардың қалдығын өтеу мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарады.

Облигацияларды шығару өлшемдері:

Ұлттық сәйкестендіру нөмірі:

Шығару көлемі:

Айналыс мерзімі:

Шығару күні:

Өтеу күні:

Облигациялардың бастапқы құны:

Сыйақы ставкасы:

Сыйақы төлеу күні:

Облигацияларды шығару нысаны - құжатсыз. Шығарылым осы Басты сертификатпен ресімделді. Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларына меншік құқығын тіркеу "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" ЖАҚ-тағы "депо" қосалқы шоттарында тиісті жазбалар нысанында тіркеледі. Облигацияларды орналастыру, қызмет көрсету және оларды өтеу 200__ жылғы "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ арасында жасалған агенттік келісімге сай Мемлекеттік арнаулы өтем қазынашылық облигацияларын шығару, орналастыру, айналысқа қосу, қызмет көрсету және оларды өтеу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Басты сертификат екі данада - біреуі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі үшін, екіншісі "Қазақстан Халық Банкі" ААҚ үшін жасалды.

Қаржы министрі